

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 1194 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 894 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 148 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2016 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Табиғи монополия саласына жататын, ұсынылатын қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған үлгі шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 1194 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 45, 493-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сумен жабдықтау және/немесе сарқынды суды жинау жөнінде қызметтер көрсетуді ұсынуға арналған үлгі шартта: тақырыбындағы "жинау" деген сөз "бұру" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

екінші, үшінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, он бесінші абзацтар алынып т а с т а л с ы н ;

төртінші, бесінші абзацтардағы "кәріз" деген сөз "сарқынды суларды бұру" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұтынушы - шарттың негізінде сумен жабдықтау және/немесе сарқынды суларды бұру қызметтерін көрсетуді пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға";

2 - т а р м а қ т а :

"коммуналдық" деген сөз алынып тасталсын;

"қабылдау", "қабылданған" деген сөздер тиісінше "бұру", "ұсынылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұсынылатын қызметтер көрсетудің сипаттамалары мен берілген судың сапасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларға, мемлекеттік стандарттарға с а й б о л у ғ а т и і с . " ;

4-тармақтағы "Қызмет берушінің" деген сөздер "техникалық шарттарды

орындау кезінде сумен жабдықтау және/немесе сарқынды суларды бұру" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 - тармақта :

бірінші абзацтағы "бірінші" деген сөз "соңғы" деген сөзбен ауыстырылсын;
екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кондоминиум объектілерінің сарқынды суларды бұру жүйесіндегі пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы елді мекеннің сарқынды суларды бұру жүйелеріне қосылған жердегі құдық болып табылады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қызметтер көрсетудің шарттары";

7-тармақта "тоқтату және" деген сөздер алынып тасталсын;

б) тармақшадағы "жүргізіледі." деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

3) тармақшадағы "үш" деген сөз "екі" деген сөзбен ауыстырылсын;

б) тармақшаның екінші абзацындағы "және 5)" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

8 - тармақта :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Шарттың 7-тармағының 3) тармақшасында көзделген бұзушылықтар үшін Тұтынушыға қызметтер ұсынуды тоқтата тұрған жағдайда, қосу борышты өтегеннен кейін жүргізіледі. Бірнеше рет ажыратылған жағдайда қосу борышты өтегеннен және қосқаны үшін ақы төлегеннен кейін жүргізіледі. Қосу құны монополияға қарсы аумақтық органмен келісіледі.".

9-тармақтың бірінші абзацындағы "Берілген суға және/немесе сарқынды суға " деген сөздер "Осы шарт бойынша ұсынылған қызметтер көрсетуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Жеке есептеу құралдары мен жалпы үйдің есептеу құралы 100% болған кезде жалпы үйдің есептеу құралының көрсеткіштері мен жеке есептеу құралдарының жиынтық көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылық нақты тұратын адамдардың санына сәйкес, өзге жағдайларда - тараптардың келісімі бойынша кондоминиум объектісі меншік иелерінің ақы төлеуіне жатады.";

12-тармақтың бірінші абзацында "кәріз" деген сөз "сарқынды суларды бұру" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Сарқынды суларды бұру жүйесіне құйылмайтын су сарқынды суларды бұру қызметтерін көрсетуі үшін ақы есептеу кезінде есепке алынбайды.

Есепке алынбайтын судың көлемі технологиялық есеп айырысуларға сәйкес а й қ ы н д а л а д ы . " ;

14-тармақтағы "не Тараптардың келісімімен" деген сөздер "су тұтыну

нормалары бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақтағы "Тұтынушы оны желіге қосуды талап етуге құқылы" деген сөздер "Қызмет беруші Тұтынушыны сумен жабдықтау желілеріне қосады" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

"17-1. Тұтынушыда суды есептеу сызбаларының бұзылу, басқару тораптарында және есептеу құралдарында пломбаларды жұлып алу және есептеу құралдарының көрсеткіштерін бұрмалауға икемді құралдар орнату фактілері анықталған жағдайда, Тұтынушыға осы фактілер табылған күнге дейінгі соңғы тексеру жүргізілген сәттен бастап суды пайдаланғаны үшін қайта есептеу жүргізіледі, бірақ құбырдың басқару торабына дейін ол тәулігіне 24 сағат жұмыс істеп тұрған кезде толық өткізу қабілеттілігінің есебінен екі айдан аспауға тиіс.";

18 - тармақта :

1) тармақшадағы "қажетті" деген сөз алынып тасталсын;

9) тармақша алынып тасталсын;

11) тармақшадағы "пайдаланылған" деген сөз "ұсынылған" деген сөзбен ауыстырылсын ;

19 - тармақта :

2) тармақшадағы "кәріз" деген сөз "сарқынды суларды бұру" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) оның басқаруындағы немесе қызмет көрсетуіндегі сумен жабдықтау және сарқынды суларды бұрудың пайдаланылатын жүйелерінің сақталуын, тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.";

20 - тармақта :

2) тармақша алынып тасталсын;

4) тармақшадағы "кәріз" деген сөз "сарқынды суларды бұру" деген сөздермен ауыстырылсын ;

21 - тармақта :

1) тармақшадағы "Тұтынушыны Шарттың талаптарына сәйкес қызметтер көрсетумен уақтылы және үздіксіз жабдықтауды" деген сөздер "Тұтынушыға Шарттың талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуді уақтылы және үздіксіз ұсынуды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) және 5) тармақшалар алынып тасталсын;

7) тармақшада :

"берілетін" деген сөз "ұсынылатын" деген сөзбен ауыстырылсын;

"ақы төлеуге келесі есепті" деген сөздерден кейін "кезеңнен кейінгі" деген сөздермен толықтырылсын ;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Тұтынушының негізделген талаптары бойынша 24 сағаттың ішінде ұсынылатын қызметтердің сапасы мен көлемін қалпына келтіру жөнінде шаралар қолдануға ; " ;

10) тармақшада "жылу желілері мен есептеу құралдарын тексерген кезде" деген сөздер "сумен жабдықтау мен сарқынды суларды бұру желілерін, есептеу құралдарын тексеру кезінде, сондай-ақ есептеу құралдарының көрсеткіштерін алған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақтың 1) тармақшасында "кәріз" деген сөз "сарқынды суларды бұру" деген сөздермен ауыстырылсын;

27 - т а р м а қ т а :

"сомасынан аспайтын тұрақсыздық" деген сөздер "сомасын негізге ала отырып есептелген тұрақсыздық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың бірінші күні" деген сөздер "келесі айдың 26 күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

31-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде Қызмет беруші олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл туралы Тұтынушыларға ресми бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлайды.";

33-тармақтың екінші абзацындағы "Тұрмыстық тұтынушы үшін Шарттың іс-әрекеті мерзімсіз" деген сөздер "Егер тараптардың келісімімен өзгеше көзделмесе, жеке және заңды тұлғалар үшін Шарттың іс-әрекеті мерзімсіз," деген сөздермен ауыстырылсын;

35-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі